

Құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт

Қарағанды облысы

№31

Басшысы атынан әрекет ететін бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Қарағанды қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі ереже негізінде әрекет ететін Камалиев Мурат Тилеубекович бір тараптан және Басшысы атынан әрекет ететін бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын "ОЛИВИЯ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі екінші тараптан Устава негізінде әрекет ететін Нефедов Владимир Николаевич, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және 2023-07-14 № 10214228-2 Конкурс с использованием рейтингово-балльной системы тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегі туралы келісімге келді:

1 Ұғымдар мен айқындамалар

1.1 Осы Шартта төменде тізбеленген ұғымдар мынадай мағынаға ие:

1) Бас мердігер (бұдан әрі – Мердігер) – Тапсырыс берушімен жасалған Шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, сондай-ақ, консорциум (Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген жағдайларда);

2) қосалқы мердігер – Шарт бойынша жұмыстардың бір бөлігін орындауға Мердігермен шарты және (немесе) келісімі бар тұлға немесе ұйым;

3) техникалық қадағалаушы – мердігерлік жұмыстарды Мердігердің Шарттың ережелеріне сәйкес орындауы жөніндегі бақылауды жүзеге асыруға Тапсырыс беруші тағайындаған және Мердігерге хабарланған тұлға;

4) объект – мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Мердігердің Шартта көзделген түрде салуға, қайта жаңартуға және Тапсырыс берушіге беруге тиіс деп анықтаған ғимарат, құрылым;

5) учаске – Объект құрылысын салуға немесе жұмыстарды жүргізуге бөлінген аумақ;

6) уақытша құрылымдар – Объектінің құрылысын салу мен жөндеу үшін қажетті, тұрғызылатын, орнатылатын және Объектінің құрылысын салуды аяқтағаннан кейін Мердігер алып тастайтын барлық уақытша ғимараттар мен құрылымдар

7) "Шарт" - Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ғимараттар мен құрылыстарды салуға және жөндеу-құрылыс жұмыстарына Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған азаматтық-құқықтық акт. Шартқа қол қойылғаннан кейін оған барлық толықтырулар мен өзгерістер өзгерту қабылдау жолымен жасалуы мүмкін. Шарт Жобалаушы мен Мердігер, Тапсырыс берушілер мен Қосалқы мердігерлер арасында қандай да бір шарттық қатынастар жасау үшін түсіндірілмеуі тиіс

8) "Құрылыстың ұзақтық мерзімі" Мердігер Объектінің құрылысын аяқтауға тиіс мерзімді білдіреді

9) "Шарттың Бағасы" Мердігер оның конкурстық өтінімінде көрсеткен және Тапсырыс беруші қабылдаған шарттың жалпы сомасын білдіреді



- 10) "Жабдық" Объектінің құрылысына арналған учаскеде уақытша болатын Мердігердің және Қосалқы мердігердің барлық машиналары мен механизмдерін білдіреді
- 11) "Өзгерістер" - Шартқа қол қойылғаннан кейін Тапсырыс беруші берген өзгерістер
- 12) "Тапсырыс беруші" - мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және олармен аффилиирленген заңды тұлғалар
- 13) "Ақау" - Шарттың талаптарын бұза отырып орындалған жұмыстардың бір бөлігі
- 14) "Материалдар" Мердігер мен Қосалқы мердігер Объектіні салу үшін пайдаланатын барлық шығыс материалдарын білдіреді
- 15) "Инженер" - құрылыс барысына инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға
- 16) "Кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі" - жұмыстардың орындалуын тексеру процесінде анықталған кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі
- 17) "Күндер" - күнтізбелік күндер, "айлар" - күнтізбелік айлар

1-1) бюджет қаражаты жеткілікті болған жағдайда Мердігерден жұмыстарды мерзімінен бұрын орындау және оларды тапсыруға дайын екендігі туралы хабарлама алған жағдайда, Шарт талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ішінде орындалған Жұмыстар үшін мерзімінен бұрын ақы алуға және түпкілікті төлем жасауға міндеттенеді.

2 Шарттың мәні

2.1 Мердігер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті:

ерекшелігі бойынша 003-034-431 «Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, 30-ықшам аудан, № 104 мектеп маңы мекенжайында 9 қабатты тұрғын үйлер салу, 1-кезек. (сыртқы инженерлік желілерсіз).;

2.2 Жұмыстар - Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, 30-ықшам аудан, № 104 мектеп маңы мекенжайында 9 қабатты тұрғын үйлер салу, 1-кезек. (сыртқы инженерлік желілерсіз) №3 тұрғын үй Жобасы бойынша орындалады, онда г. Караганда, р-н им. Казыбек би, 30 микрорайон, район школы №104 бар.

Бас жобалаушы - ТОО "ПИИ"Семстройпроект".

2.3 Төменде тізбеленген құжаттар және оларда айтылған шарттар осы Шартты құрады және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттардың тізбесі және жұмыстарды орындау шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша);

3 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

3.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшамен анықталады және 2 532 098 256.02 (екі миллиард бес жүз отыз екі миллион тоқсан сегіз мың екі жүз елу алты тенге екі тиын) теңгені құрайды және Жұмыстарды орындаумен байланысты болатын барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 271 296 241.72 тенге (екі жүз жетпіс бір миллион екі жүз тоқсан

алты мың екі жүз елу алты тенге екі тиын) барлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

3.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт

003 Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау бюджеттік бағдарламасы, 034 Облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен кіші бағдарламасы, 431 Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау ерекшелігі бойынша - 861 897 600.00 (сегіз жүз алпыс бір миллион сегіз жүз тоқсан жеті мың алты жүз тенге нөл тиын) оның ішінде ҚҚС 2023 жылы тіркеуге жатады

003 Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау бюджеттік бағдарламасы, 034 Облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен кіші бағдарламасы, 431 Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау ерекшелігі бойынша - 1 670 200 656.02 (бір миллиард алты жүз жетпіс миллион екі жүз мың алты жүз елу алты тенге екі тиын) оның ішінде ҚҚС 2024 жылы тіркеуге жатады.

3.3 Тапсырыс беруші Шарт күшіне енгеннен кейін Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде 5 (бес) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді жүргізеді.

Аралық төлемдер Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты барабар ұстау, сондай-ақ Шарт сомасының 5 (бес) пайыз мөлшерінде кепілдік енгізу ескеріле отырып, Орындалған Жұмыстар актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей іс жүзінде Мердігердің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы төлейді.

. Егер Жұмыстарды бір қаржы жылының шеңберінде орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды аяқтағаннан және Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес объектіні пайдалануға қабылдау туралы актіге қол қойғаннан кейін осы шарт сомасының қалған 5 (бес) пайызын күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төлейді.

Егер Жұмыстарды бір қаржы жылының шеңберінде орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды аяқтағаннан және Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес объектіні пайдалануға қабылдау туралы актіге қол қойғаннан кейін осы шарт сомасының қалған 5 (бес) пайызын күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төлейді.

3.4 Орындалатын жұмыстардың көлемі Шартқа 1-қосымшада айтылған.

3.5 Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;

2) орындалған Жұмыстардың актісі;

3) Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі бойынша есеп;

4) Мердігер Тапсырыс берушіге ұсынған орындалған жұмыстардың сипаттамасымен, жалпы сомасы көрсетіле отырып, электрондық шот-фактура;

5) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 115-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша төлем сертификаты (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 желтоқсанда № 9934 тіркелді) (бұдан әрі - Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі).

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасы қазынашылық сүйемелдеу үшін тапсырыс

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



берушілер айқындаған қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде объектілер құрылысымен байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады.

3.6 Тапсырыс беруші объект аяқталған жылы осы Шарттың жалпы сомасының 5% - ын ұстап қалады. Тапсырыс берушінің шарт сомасының бес процентіне түпкілікті ақы төлеуі ғимараттарды, құрылыстарды салуға байланысты жұмыстар аяқталғаннан кейін және Тапсырыс беруші аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне объектіні пайдалануға қабылдаудың қол қойылған актісін ұсынғаннан кейін жүргізіледі.

4 Тараптардың міндеттемелері.

4.1 Мердігер:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде 25 856 928.00 теңгеге тең осы қаржы жылы Шарттың сомасының үш пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және , міндеттенеді, бұл жалпы алғанда мынадай:

Мердігердің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

шарттың орындалуын қамтамасыз ету (авансты қамтамасыз ету) мақсаттары үшін, «Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 206 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12599 болып тіркелген) бекітілген, өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартқа сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын электрондық құжат нысанында не қағаз тасығышта ұсынылады.

Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) веб-порталда оның электрондық көшірмесін орналастыра отырып, қағаз тасығышта ұсынған кезде түпнұсқа тапсырыс берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) ұсынудың түпкілікті мерзіміне дейін ұсынылады.

Тапсырыс беруші сақтандыру шартын алу фактісін қағаз тасығышта өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын тіркеу журналында тіркейді.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде орындалатын Жұмыстардың Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге;

4) Шарт бойынша жұмыстарды орындау мақсатында «Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрі міндетін атқарушының 2022 жылғы 26 мамырдағы № 286 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28243 болып тіркелген) сәйкес қалыптастырылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің (бар болса)

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды пайдалануға;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың талаптарын орындау үшін Мердігер тартқан персоналды қосқанда, оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жоғарыда тізбеленген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша, оның ішінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы, шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Мердігердің Шарт талаптарын тиісінше орындамауымен және/немесе өзге заңсыз іс-әрекеттермен келтірген шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген орындалған жұмыстар актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға;

11) Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде мемлекеттік сатып алу шотын ашуға;

12) қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде объектілер құрылысымен байланысты инвестициялық жобаны іске асыру кезінде мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша қаражатты жұмсауды қазынашылық органдарында ашылған мемлекеттік сатып алу шоттары арқылы жүзеге асыруға;

13) қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде объектілер құрылысымен байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) қазынашылық органдарында мемлекеттік сатып алу шоттарын ашу шартымен қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуға. Мұндай талап тиісті қосалқы мердігерлік (бірлесіп орындаушылық) шарттарында көрсетіледі;

14) қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде қосалқы мердігерлермен жасалатын шарттар бойынша ол қосалқы мердігерлік шарттарында қазынашылық органдарында ашылатын мемлекеттік сатып алу шоттарына ақшалай қаражат аудару туралы талаптың болуын және Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес шот-фактуралардың үзінді-көшірмесін жазып беру шартының болуын қамтамасыз етуге;

15) талдау жүргізу үшін Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес қосалқы мердігерлердің тізбесін мемлекеттік кірістер органдарына ұсынуға;

16) тәуекелдердің жоқтығы тұрғысынан талдау жүргізілген қосалқы мердігерлердің тізбесін қазынашылық органдарына ұсынуға;



17) қазынашылық сүйемелдеу шеңберіндегі мемлекеттік сатып алу туралы шартта қазынашылық органдарында ашылатын мемлекеттік сатып алу шоттың деректемелерін көрсетуге;

18) қазынашылық органдарында төлем сертификатын ұсынуға және Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес қосалқы мердігердің төлем сертификатын ұсынуын қамтамасыз етуге;

19) қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде объектілер құрылысымен байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шартты Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар арқылы орындауға міндеттенеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17) және 18) тармақшалары қазынашылық сүйемелдеу үшін тапсырыс берушілер айқындаған қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде объектілер құрылысымен байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады.»;

20) Халықты жұмыспен қамту орталығынан қаржыландырылатын мемлекеттік бағдарламаға сәйкес жұмыскерлерді жұмысқа орналастыру.

21) Мердігер Тапсырыс берушіге учаскеде материалдар мен жабдықтарды алу кестесін береді. Сақтау, салу немесе қатарлау үшін Тапсырыс беруші рұқсат еткен учаскелер ғана пайдаланылуы мүмкін. Егер мердігер өзінің материалдары мен жабдықтарын түсіруді және сақтауды кешіктірген жағдайда және егер мұндай кідіріс жұмыстарды тұтастай жүзеге асыруға залал келтіруі мүмкін болса, Тапсырыс беруші мердігердің материалдары мен жабдықтарын түсіруді және сақтауды мердігердің есебінен жүзеге асыра алады (бірақ мұны жасауға міндетті емес). Егер мұндай түсіруді немесе сақтауды Тапсырыс беруші жүзеге асырған жағдайда, жоғарыда айтылғанның залалына немесе зақымдануына байланысты барлық тәуекелді мердігер көтереді

22) Тапсырыс берушінің алдында өз қызметкерлерінің, қосалқы мердігердің(лердің), қызметкерлердің және қосалқы мердігердің(лердің) сенімді тұлғаларының, сондай-ақ мердігермен шарт негізінде шарт шеңберінде жұмыстардың бір бөлігін орындайтын басқа да тұлғалардың іс-әрекеттері мен қателіктері үшін жауапты болады;

23) құрылысқа сәйкес бөлшектер мен конструкцияларды қоса алғанда, құрылыс материалдарымен, сондай-ақ жабдықтармен қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер мердігер орындаған жұмыстардың сапасын нашарлатпай, Мердігер ұсынған материалдарды (бөлшектерді, конструкцияларды) немесе жабдықтарды пайдалану мүмкін еместігінің анықталған тәуекелін көтереді

24) Мердігер қосудың орындалуы үшін және Тапсырыс беруші айқындайтын қосу нүктелерінен су мен электр энергиясын бөлу үшін жауапты болады.

25) Мердігер Тапсырыс берушінің залалдарына немесе мүлкіне, өз қызметкерлерінің меншігі мен денсаулығына зиян келтіруге, сондай-ақ өз қызметкерлерінің қаза болуына байланысты және шартты орындау ішінде және оның салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін жауапты болады.

26) егер Мердігер учаскені осы Шарт талап еткендей тазалықта ұстай алмаған жағдайда, Тапсырыс беруші шығыстарды мердігердің есебінен тартып, осы жұмысты орындай алады.

27) мердігер объектіде жұмыс өндірісінің қауіпсіздік техникасы үшін толық жауап береді

28) мердігер Шартта көрсетілген мерзім ішінде тапсырысшы оны қабылдағаннан кейін немесе құрылыс объектісін тұрақты иеленушіге бергенге дейін объектіні өз есебінен пайдалануды қамтамасыз ету міндетін өзіне алады. Аяқталмаған құрылыстың меншік иесі оны Тапсырыс берушіге тапсырғанға дейін және жұмыстар төленгенге дейін мердігер болып табылады

29) жұмыстардың көлемі мен мазмұнын айқындайтын жобалау құжаттамасына сәйкес



құрылысты және онымен байланысты жұмыстарды және жұмыстарға қойылатын басқа да талаптарды, жұмыстардың бағасын айқындайтын сметаны және конкурстық бағаны жұмыстардың физикалық көлемін өндіру кестесіне және объектіні қаржыландыру жоспарына сәйкес жүзеге асыруға;;

30) егер Шартта Тапсырыс берушінің материалдарын немесе жабдықтарын жеткізу көзделген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіні оларды жеткізу үшін қажет болуы мүмкін мерзімдер туралы алдын ала хабардар етуге тиіс. Бұл мерзімдер мердігердің жұмыс кестесінде көзделуге тиіс

31) бас мердігер қосалқы мердігердің алдында тапсырыс берушінің міндеттемені орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, ал Тапсырыс берушінің алдында қосалқы мердігердің міндеттемені орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады

32) мердігер белгіленген міндетті талаптармен салыстырғанда сапаға қойылатын неғұрлым жоғары талаптарға сай келетін жұмысты орындау міндетін шарт бойынша өзіне қабылдауы мүмкін

33) жұмысты нақты жұмыс көлемін өндіру кестесіне сәйкес белгіленген мерзімде тиісті сапамен орындауға міндетті. Осы Шарт күшіне енген сәттен бастап үш күн мерзімде бір ай күнтізбелік кесте бойынша жұмыс жүргізу жобасын ұсынуға міндетті. Жұмыстардың физикалық көлемін өндірудің және орындалған жұмыс көлемін төлеудің айлық кестесі бойынша Тапсырыс беруші мен мердігер бірлесіп бекітеді және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады

34) Нысанда орындалған жұмыс туралы ай сайынғы есептер және орындалған жұмыстар актілері (ф2, ф3 және т.б.) ағымдағы айдың 25-іне дейін ұсынылады.

35) Тапсырыс беруші мен инженер жасырын жұмыстарды куәландыру актісіне қол қояды. «жұмыстардың көлемі мен мазмұнын айқындайтын жобалау құжаттамасына сәйкес құрылысты және онымен байланысты жұмыстарды және жұмыстарға қойылатын басқа да талаптарды, жұмыстардың бағасын айқындайтын сметаны және конкурстық бағаны жұмыстардың физикалық көлемін өндіру кестесіне және объектіні қаржыландыру жоспарына сәйкес жүзеге асыруға» егер заң актілерінде немесе олар белгілеген тәртіппен мердігерлік шарты бойынша орындалатын жұмысқа қойылатын міндетті талаптар көзделсе, кәсіпкер ретінде жұмыс істейтін мердігер осы міндетті талаптарды сақтай отырып, жұмысты орындауға міндетті.

36) білімді және бар барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жұмысты бақылау және бағыттау. Мердігер жұмыстарды орындаудың құралдарына, әдістеріне, техникасына, дәйектілігі мен сапасына, сондай-ақ шарт бойынша барлық жұмыстардың үйлестірілуіне толық жауап береді және бақылауды жүзеге асырады.;

37) жұмыс сапасын нашарлататын анықталған кемшіліктер мен ақауларды, жобадан және ҚНЖЕ-ден жол берілген ауытқуларды уақтылы жою

38) мердігердің жұмыстарды жүзеге асыру барысында материалдарды (бөлшектерді, конструкцияларды) және жабдықтарды пайдалануға немесе, егер бұл тараптар үшін міндетті қоршаған ортаны қорғау және құрылыс жұмыстарын жүргізу қауіпсіздігі туралы талаптарды бұзуға әкеп соғуы мүмкін болса, нұсқауларды орындауға құқығы жоқ

39) мердігер объектіге жеткізілуі тиіс мердігер жеткізетін Барлық материалдар мен жабдықтарды жеткізуді, тасымалдауды, түсіруді және сақтауды ұйымдастыруға жауапты болады. Жеткізу тек мердігердің атына ғана жүзеге асырылады. Ешбір жағдайда Тапсырыс беруші Көлік құралдарын жеткізуге, өңдеуге, сақтауға және тоқтап тұруға ақы төлеуге байланысты шығыстар үшін жауапты болмауы тиіс. Ешқандай жеткізу тапсырыс берушіге жіберілмеуі тиіс.

40) Тапсырыс беруші беретін материалдар мен жабдықтарды Тапсырыс беруші мен мердігер бірлесіп қабылдайды және тексереді. Құрылыс алаңында жүк түсіруді мердігер жүзеге асырады. Мұндай қабылдау мердігер дайындайтын қабылдау туралы жазбаша құжатпен куәландырылуға тиіс. Осындай материалдар мен жабдыққа қатысты кез келген кем шығу немесе зақымдану қабылдау туралы жазбаша құжатта нақты тіркелуі тиіс. Мұндай



материалдар мен жабдықтарды қабылдағаннан кейін мердігер осындай материалдар мен жабдықтарды өңдеу мен сақтау үшін толық жауап береді және жоғарыда көрсетілген материалдар жоғалған немесе бүлінген жағдайда толық жауап береді. Мердігер өз жұмыстарын аяқтағаннан кейін қалған материалдардың немесе жабдықтардың кез келген артығы Тапсырыс берушіге қайтарылуы тиіс.

41) жұмыстарды жүргізу басталғанға дейін құрылыс алаңының қоршауын орнату, Паспорт орнату, сондай-ақ шарт жасалған сәттен бастап 2 күн ішінде Тапсырыс берушіге құрылыс - монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат алу үшін қажетті құжаттар пакетін ұсыну (МАЗ берілетін)

42) құрылыс кезінде мердігер қызмет көрсетушілермен, құрылыс зертханаларымен, авторлық қадағалауды, технологиялық сүйемелдеуді, сынауды және тексеруді және т.б. жүзеге асыратын ұйымдармен жұмысты қоса алғанда, Құрылыс және оны қамтамасыз ету жөніндегі барлық міндеттерді өзіне қабылдайды және шарттың талаптарына сәйкес пайдалануға дайын объектіні Тапсырыс берушіге тапсыруға тиіс.

4.2 Мердігер:

- 1) Шарт бойынша орындалған Жұмыстар үшін тапсырыс берушіден ақы төлеуді талап етуге;
- 2) Тапсырыс берушімен орындау мерзімін алдын ала келісе отырып, шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға құқылы;

4.3 Тапсырыс беруші:

1) егер жер учаскесін босатуға байланысты жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамада көзделмеген болса, Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жер учаскесінен Мердігерге жұмыстарды орындауға кірісуге, оларды жүргізуді және аяқтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін, инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілері ауысуға жататын өз бетінше салынған құрылыстардан, өзге де бұрыннан бар үйлерден, құрылыстардан, құрылыс жайлардан үйінділер мен қоқыстардан босатуға;

2) орындалған Жұмыстардың сәйкес келмеуін анықтаған кезде дереу жазбаша Мердігерді хабардар етуге;

3) Жұмыстарды қабылдау кезінде веб-портал арқылы орындалған жұмыстар актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бас тартуға;

4) орындалған жұмыстар актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйелері арқылы электрондық нысанда Мердігер жазған шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ақы төлеуді жүргізуге міндеттенеді.

6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес мердігерлерге (қосалқы мердігерлерге) инжинирингтік компания беретін төлем сертификатын беруді қамтамасыз етуге;

экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10795 болып тіркелген) Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларына сәйкес барлық қажетті құжаттарды беруге;

8) бюджет қаражаты жеткілікті болған жағдайда Мердігерден жұмыстарды мерзімінен бұрын орындау және оларды тапсыруға дайын екендігі туралы хабарлама алған жағдайда, Шарт талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ішінде орындалған Жұмыстар үшін мерзімінен бұрын ақы алуға және түпкілікті төлем жасауға міндеттенеді.

9) жобалау-сметалық құжаттамаға мердігер үшін қосымша шығыстарға және (немесе) жұмыстарды орындау мерзімдерін ұзартуға байланысты емес өзгерістер енгізуді талап етуге құқылы;

10) егер жұмысты мердігер жұмысты нашарлатқан шарттан шегініп, немесе оны жарамсыз ететін өзге де кемшіліктермен орындаған болса, тапсырысшы өз таңдауы бойынша мердігерден талап етуге құқылы

11) Тапсырыс беруші Мердігерге Объектінің құрылысына бөлінген барлық Учаскені пайдалануға рұқсат береді;

12) егер форс - мажорлық жағдайлар орын алса немесе ол ұсынған ауытқулар жұмыстарды орындау үшін қосымша мерзімдерді талап етсе, сондай-ақ егер жұмыстарды орындау процесінде қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақаулар анықталған жағдайда, жұмыстарды орындау мерзімін ұзартуға міндетті. Бұл ретте Мердігер азаматтық заңнамада көзделген рәсімге сәйкес Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге тиіс;

13) Мердігер өзі жауап беретін жұмыстың кемшіліктерін жоюдың орнына Тапсырыс берушіге мерзімі өтіп кеткен шығындарды өтей отырып, жұмысты қайтадан өтеусіз орындауға құқылы. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші бұрын берілген жұмыс нәтижелерін Мердігерге қайтаруға міндетті, егер жұмыстың сипаты бойынша мұндай қайтару мүмкін болса;

14) егер жұмыста шарт талаптарынан ауытқулар немесе жұмыстың өзге де кемшіліктері елеулі және жойылмайтын болып табылса не Тапсырыс беруші белгілеген ақылға қонымды мерзімде анықталған кемшіліктер жойылмаса, Тапсырыс беруші шарттан бас тартуға және келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы;

15) жұмысты немесе конструкцияны тексеру үшін сынақ жүргізу. Егер тексеруден кейін тексерілген жұмыс немесе конструкция ақаулы болса, Мердігер жұмыстардың ақауын түзетеді және (немесе) конструкцияны ауыстырады

16) Мердігер жұмысты бастағанға дейін Тапсырысшы құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге Рұқсат алады;

17) а) ақылға қонымды мерзімде жұмыстың кемшіліктерін өтеусіз жою;

18) б) жұмыс үшін белгіленген бағаны мөлшерлес азайту;

19) Мердігер өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар. Осы Шарт бұзылған жағдайда Мердігер хабарламамен хабардар етіледі, онда осы Шартты бұзу себептері көрсетілуге тиіс, міндеттемелердің күшін жою көлемі, сондай-ақ осы Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетіледі. Бұл жағдайда Мердігер осы Шартты бұзу туралы хабарлама алған кезде нақты орындалған жұмыс көлемі үшін ғана ақы төлеуді талап етуге құқылы;

20) Тапсырыс беруші тәуекелдің ерекше түрлеріне, атап айтқанда: соғыс, көтерілістер, революция, азаматтық соғыс, бүліктер, тәртіпсіздіктер тәуекеліне (егер оларға Тапсырыс берушінің қызметкерлері қатысса) жауапты болады. Сондай-ақ Мердігер анықтаған және конкурстық құжаттамада көрсетілмеген топырақтың уытты және жарылғыш заттармен зақымдануы және егер бұл табулар жұмыстарды орындауға тікелей әсер ететін болса, Тапсырыс берушінің тәуекелі болып табылады;



21) Тапсырыс беруші немесе оның уәкілетті тұлғасы, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеушілер Шарт бойынша жұмыстар орындалатын немесе орындалатын Учаскеге немесе кез келген басқа орынға әрқашан қол жеткізе алады;

22) бюджетті секвестрлеу жағдайында Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы

23) Тапсырыс беруші Ақауларды түзету мерзімін көрсете отырып, кез келген анықталған Ақаулар туралы Мердігерді жазбаша хабардар етеді. Ақаулар туралы хабарламаны алғаннан кейін Мердігер Тапсырыс беруші көрсеткен уақыт кезеңі ішінде Ақауды жоюға міндетті. Егер Мердігер шарттық құжаттардың талаптарын бұза отырып орындалған жұмыстарды түзету жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ егер Мердігер жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жұмысты аяғына дейін орындауға қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші жазбаша нұсқамамен Мердігерге жұмыстарды тұтастай немесе оның бір бөлігін тоқтату себептері жойылғанға дейін тоқтату туралы өкім бере алады;

4.4 Тапсырыс беруші:

1) орындалған Жұмыстардың сапасын тексеруге;

2) Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды мерзімінен бұрын қабылдауға және оған ақы төлеуге құқылы. Жұмыстарды қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайда оны мерзімінен бұрын орындаудан бас тартуға жол беріледі.

5 Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексеру

5.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тұрғысында орындалған жұмыстарды бақылауды және тексеруді жүргізуі мүмкін. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Мердігер тартады. Тапсырыс беруші осы мақсаттар үшін анықталған өзінің өкілдері туралы Мердігерді жазбаша түрде уақтылы хабардар етуі тиіс.

5.2 Осы Шарт шеңберінде орындалатын жұмыстар техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе олардан жоғары болуы тиіс.

5.3 Егер орындалған Жұмыстардың нәтижелері тексеру кезінде Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына (Шартқа 2-қосымша) сәйкес келмейді деп танылса, Мердігер тексеру сәтінен бастап 3 күнтізбелік күн Егер орындалған Жұмыстардың нәтижелері тексеру кезінде Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына (Шартқа 2-қосымша) сәйкес келмейді деп танылса, Мердігер тексеру сәтінен бастап

5.4 Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келуін тексеру кезінде Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық құралдар беріледі және жәрдем көрсетілуге тиіс.

5.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың біреуі де Мердігерді Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

6 Жұмыстарды тапсыру және қабылдап алу тәртібі



6.1 Жұмыс орындалды деп саналады Мердігердің Жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналады.

6.2 Мердігер орындалған жұмыстарды қабылдап алу/тапсыру кезінде Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) егер жұмыстар қазақстанда шығарылған материалдардан және жабдықтардан орындалған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады;

2) егер жұмыстар шетелде шығарылған материалдардан және жабдықтардан орындалған болса – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі.

Осы тармақтың талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

6.3 Мердігердің бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес орындаған және авторлық және техникалық қадағалаумен расталған жұмыстарды тапсыруы жұмыстарды орындау фактісі бойынша ай сайын, бірақ есепті айдың 25-күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады және тараптар қол қоятын орындалған жұмыстар актісі мен орындалған жұмыстар мен шығындар құны туралы анықтама ресімделеді.

6.4 Тапсырыс беруші мен Мердігердің арасында орындалған жұмыстың кемшіліктері немесе олардың себептері бойынша дау туындаған жағдайда Мердігер сараптамаға тапсырыс беруге құқылы.

6.5 Мердігердің жұмыс нәтижелерін тапсыруы және Тапсырыс берушінің оларды қабылдауы екі тарап, ал заң актілерінде көзделген жағдайларда - мемлекеттік органдардың өкілдері қол қойған актімен ресімделеді. Тараптардың бірі актіге қол қоюдан бас тартқан кезде онда бұл туралы белгі жасалады және актіге екінші Тарап қол қояды. Жұмыс нәтижелерін тапсыру-қабылдаудың бір жақты актісін жарамды деп тану мәселесі сот тәртібімен қаралады.

6.6 Тапсырыс беруші Шартта көрсетілген мақсаттар үшін жұмыс нәтижелерін пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын және Мердігер, Тапсырыс беруші немесе үшінші тұлға жоя

алмайтын кемшіліктердің құжатталған жағдайда жұмыс нәтижелерін қабылдаудан бас тартуға Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



құқылы.

6.7 Мердігер осы Шартта айтылған барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге жұмыстардың аяқталғаны туралы хабарлама жібереді.

7 Кепілдік. Сапа

7.1 Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылатын материалдар мен жабдықтар Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келетініне, жұмыстар олардың сапасын техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді.

Осы талаптарға сәйкес келмейтін Жұмыстар, оның ішінде жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгертілген жұмыс ақаулы деп танылады.

Мердігер (қосалқы Мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның ұйғарынды тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе түзету Мердігер беретін кепілдіктерге кірмейді.

Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтар сапасының техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкестігін куәландыратын құжаттарды ұсынады.

Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстарды орындау нәтижелері осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға, сондай-ақ техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келетініне, жұмыстар олардың сапасын техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткілікті негізделмеген және санкцияланбаған өзгерістері бар жұмыстар ақаулы деп танылады.

Мердігер (қосалқы мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру қағидаларын бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның жол берілетін тозуы немесе бүлінуі (бар болса) себебінен залалды өтеу немесе ақауды түзету Мердігер беретін кепілдікке кірмейді.

Тапсырысшының талап етуі бойынша Мердігер жұмыстарды орындау нәтижелері сапасының техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкестігін куәландыратын құжаттарды ұсынады.

7.2 Мердігер Тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдікті 120 ай мерзіміне береді.

7.3 Мердігер орындалған Жұмыстарды және Жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

8 Тараптардың жауапкершілігі

8.1 Тараптар өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда осы Шарт шеңберінде барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



заңнамасына сәйкес шешіледі.

